

**«БD021000 - Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған  
Сраилова Акмарал Бердалиевнаның «Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық  
аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына  
ресми рецензент PhD, қауымдастырылған профессор Г.Ж. Исакованың жазбаша**

**ШКІРІ**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1.1 Толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация елдегі білім беруді дамытудың басты нормативті-құқықтық құжаттарына, соның ішінде Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалған.</p>
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы отандық ғылымға, соның ішінде филология саласына айтарлықтай үлес қосады. Аталған зерттеу жұмысы ағылшын және қазақ тіліндегі поэзияның фонетика-фонологиялық, просодикалық және прагматикалық ерекшеліктерін эксперименталды әдістер арқылы зерттеуімен ерекшеленеді. Зерттеу қазақ өлеңінің силлабикалық, ал ағылшын өлеңінің силлабо-тоникалық құрылымынан

			<p>туындайтын айырмашылықтарды, сондай-ақ қазақ поэзиясына тән ұйқас үйлесімі, үндестік заңы және қара өлең өлшемдерін ағылшын поэзиясындағы екпін-ырғақ жүйесі, аллитерация мен ассонанспен салыстыра отырып талдайды. Зерттеу жұмысындағы филологиялық талдау әдістері тек мәтіннің мазмұнын ғана емес, сонымен қатар оның дыбыстық және құрылымдық ерекшеліктерін де ашуға мүмкіндік береді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған.</li> </ol>	<p>Диссертацияны жазу деңгейі жоғары, ізденушінің ғылыми стилі қалыптасқан. Еңбек ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес. Басшылыққа алған еңбектері, ғылыми материалдары нақты тілдік деректермен дәйектелген. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі дәйекті, тұжырымдары айқын.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурсты салыстырмалы зерттеудің өзектілігі – әр ұлттың мәдениеті мен ойлау ерекшеліктерін тілдік тұрғыдан зерттеуінде. Поэзия – сөз өнерінің ең жоғарғы формасы, онда тілдің экспрессивті және эстетикалық мүмкіндіктері толықтай көрініс табады. Туыс емес тілдердің поэтикалық мәтіндерін талдау арқылы әр халықтың дүниетанымы мен сөз өнеріне деген ерекше көзқарасын тереңірек түсінеміз. Бұл зерттеу поэтикалық дискурстың құрылымын тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл жұмыс ұлттық поэтикалық ойлаудың қыр-сырын ашуға және тілдік бейнелеу құралдарының әрі мәдениеттегі ролін анықтауға үлес қосады.</p> <p>Зерттеудің тағы бір өзектілігі – оның ғылыми-практикалық маңыздылығында. Біріншіден, бұл жұмыс</p>

		<p>поэтикалық дискурсты зерттеуде прагмалингвистика, суперсегментті фонетика және поэтикалық прагматика сияқты бірнеше ғылым салаларын біріктіретін интегративті тәсілді ұсынады. Бұл тәсіл просодикалық элементтердің (интонация, пауза, қарқын, тембр, ырғақ) мағыналық және прагматикалық қызметтерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, бұрын субъективті талдауға сүйенген зерттеулерден айырмашылығы, бұл жұмыста Праат сияқты заманауи сандық технологиялар қолданылады. Бұл просодикалық сипаттамаларды объективті өлшеуге және дәл ғылыми нәтижелер алуға жол ашады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындаған. Зерттеудің негізгі бағытын, әдістемесін және эмпирикалық материалдарын (Венди Коуп пен Нәзікен Алпамысқызының өлеңдері) нақты көрсеткен. Зерттеу жұмысында поэзия тек әдеби жанр емес, сонымен қатар автор мен оқырман арасындағы күрделі тілдік-коммуникативтік эрекет ретінде қарастырылады. Просодикалық элементтер, атап айтқанда, дауыс ырғағы, интонация және кідірістердің эстетикалық қызметімен қатар, автордың ниеті мен эмоциясын жеткізетін прагматикалық қызметі дәлелденеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Қойылған мақсат пен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес айқындалған. Мақсаттың негізгі өзегі – екі тілдегі поэзияның коммуникативті-прагматикалық аспектісін салыстырмалы түрде талдауды іске асырады. Зерттеу міндеттері қойылған мақсатпен анықталады, мәселені шешудің дәйекті кезеңдерін білдіреді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p>	<p>А.Б.Сраилованың диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, үш негізгі тараудан, тараулар бойынша</p>

	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>қорытындылардан, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Әр бөлімнің қорытындылары қойылған міндеттердің шешімін анықтайды. Жұмыстың барлық бөлімдері мен ішкі тармақтары бір-бірімен тығыз логикалық байланыста және қойылған ғылыми мақсатқа жетуге бағытталған. Алынған нәтижелердің бірлігі байқалады, жұмыстың нақты және дәйекті құрылымы бар.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Бастапқы дереккөздерді талдау кезінде автордың пікірінде өзіндік дербестіктің жоғары дәрежесі көрінеді. Зерттеу барысында автор дәстүрлі филологиялық тәсілдерді жаңа, экспериментті-фонетикалық әдістермен ұштастыру арқылы поэтикалық дискурсты зерттеудегі жаңа әдіснамалық шешімдерді ұсынған. Атап айтқанда, Praat компьютерлік бағдарламасының көмегімен интонация, кідіріс, ырғақ және дауыс қарқыны сияқты просодикалық ерекшеліктерді акустикалық тұрғыдан өлшеу бұрынғы тек лингвистикалық сипаттамаға негізделген талдаулардан ерекшеленеді. Зерттеуде ағылшын және қазақ поэзиясының просодикалық ерекшеліктерін салыстыру барысында сыни талдау жүргізілген. Автор силлабо-тоникалық (ағылшын) және силлабикалық (қазақ) жүйелердің айырмашылықтарын дәлелдей отырып, осы ерекшеліктердің рифма ережелері мен дыбыстық функцияларға қалай әсер ететінін көрсеткен. Мысалы, ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстардың ұзақтығының фонемалық (мағына ажыратушы) қызметі мен қазақ тіліндегі оның экспрессивтік-просодикалық мақсаты арасындағы айырмашылықтар нақты мысалдармен бағаланған. Бұл салыстырмалы талдау бұрыннан белгілі теорияларға сүйене отырып, оларды жаңа эмпирикалық деректермен толықтырып, поэзияны зерттеудегі прагматикалық аспектінің маңыздылығын дәлелдейді.</p>

<p>5. Ғылыми жана шығармалық принциптері</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидағары жаңа болып табылады. Құрылымы екі түрлі тілдердегі (ағылшын және қазақ) поэтикалық дискурсты бір уақытта коммуникативті-прагматикалық және салыстырмалы-эксперименттік тұрғыдан кешенді талдау – бұл саладағы тың бағыт. Қолданылған Рггаг бағдарламасы сияқты инструменталды-фонетикалық әдістер арқылы поэзияның интонациялық контурлары, кідірістері мен ырғақтық динамикасын объективті өлшеу және транскрипциялау әдістемесі де отандық филология үшін жана шығармалық болып табылады. Сонымен қатар, поэзиядағы хезитациялық және вокалданған кідірістердің тыңдарманның когнитивтік және эмоционалды қабылдауына әсер ететін прагматикалық қызметін сипаттау – бұл саладағы жаңа ғылыми тұжырымдардың бірі. Ғылыми қағидағардың жана шығармалық тек қолданылған әдістермен шектелмейді, сонымен қатар бұрыннан белгілі теорияларды жаңа материалға қолдану арқылы жаңа ғылыми нәтижелер алуды қамтиды. Дәстүрлі теорияларға сүйене отырып, автор оларды жаңа эмпирикалық деректермен (ағылшын және қазақ поэзиясы) ұштастырады. Нақтыласак, силлабо-тоникалық және силлабикалық өлең жүйелерінің просодикалық ерекшеліктері мен олардың прагматикалық функциялары арасындағы байланыстың жана-жақты талдануы – бұрынғы зерттеулерде кездеспеген кешенді тәсіл. Демек, зерттеудің әдіснамалық және практикалық нәтижелерінің бірегейлігі оны толығымен жаңа деп бағалауға толық негіз береді.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші өзінің әрбір қадамында алынған нәтижелерді мұқият зерделеген. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толығымен көрсетеді. Қорытындылардың мазмұны терең талдаумен, қойылған міндеттерге жауаптарды ғылыми іздеумен де, диссертацияның өзіндік ұстанымымен де</p>
--	--	---

		анықталады.
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған барлық шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысының ең маңызды аспектілерінің бірі – РРААТ бағдарламасы арқылы жүргізілген экспериментті-фонетикалық талдау болып табылады. Бұл заманауи технологиялық құралды қолдану зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Зерттеу қорытындылары ауқымды және жан-жақты дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу барысында кешенді әдіснама қолданылып, нәтижелердің ғылыми негізділігі қамтамасыз етілген. Теориялық тұрғыдан жұмыс дискурс теориясы, прагматлингвистика және поэтикалық просодия саласындағы классикалық және заманауи еңбектерге сүйенеді. Эмпирикалық деңгейде типологиялық, салыстырмалы-салғастыру, интонологиялық, фонологиялық, акустикалық және экспериментті-фонетикалық әдістер ұштастырыла қолданылған. Осы әдіснаманың арқасында зерттеудің негізгі қорытындылары РРААТ бағдарламасы арқылы жүргізілген эксперименттік талдаулармен расталады. Ағылшын және қазақ поэтикалық мәтіндерінің интонациялық контурлары, синтагмалық құрылымы және ритм-қарқын динамикасы сияқты просодикалық параметрлері өлшеніп, нақты деректерге сүйене отырып салыстырмалы талдау жасалған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	

негізгі ережелер	<p>беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p><i>1- ереже.</i> Поэтикалық дискурс – эстетикалық мақсатқа бағытталған, адресант пен адресат арасындағы тілдік-шығармашылық өзара әрекетке негізделген, көркемдік, экспрессивтік және прагматикалық белгілермен сипатталатын күрделі семантикалық және коммуникативтік құрылым.</p> <p>7.1 дәлелденді. Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері М. Фуко, Т. ван Дейк, Н. Д. Арутюнова сияқты жалпы дискурс теориясының негізін қалаушы ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді. Сонымен қатар, поэтикалық дискурс теориясы бойынша Р. О. Якобсон, М. М. Бахтин және қазақстандық ғалымдар З. А. Ахметов, С. Оразалин еңбектерінің нәтижелері сараланады. Коммуникативті-прагматикалық аспектілерді талдау үшін Дж. Остин, Дж. Серль және Н. М. Уэли, Д. А. Әлкебаева сияқты зерттеушілердің тұжырымдамаларын басшылыққа алған. Аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келе, поэтикалық дискурс – тек қана көркем мәтін емес, эстетикалық мақсатқа бағытталған, күрделі семантикалық және коммуникативтік құрылым ретінде тұжырымдалады.</p> <p>7.2 Ереже тривиалды емес, өйткені бірінші рет қорғауға шығарылады.</p> <p>7.3 Ереже жаңа, себебі соңғы өзекті мағлұматтар жинақталды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең, өйткені жинақталған материалды басқа зерттеулерде қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. Нақтылайтын болсақ: Linguostylistic characteristics of repetitions in a literary text and its importance in English language // IV International Scientific and Practical Conference «Social and Economic Aspects of Education in Modern Society». Warsaw, Poland. – 2018. – Vol. 3. – pp.24-26.; Poetic discourse and its main features // Ғылыми журнал Общество № 2(13), 2019 РИНЦ. «Общество: научно-образовательный потенциал развития (идеи, ресурсы, решения)» атты VII Халықаралық ғылыми конференциясының</p>
------------------	---	--

	<p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>материалдары. – Чебоксары, Ресей, 31 мамыр 2019 ж. – 87–9166.</p> <p><i>2-ереже.</i> Поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық бейнесі мен просодикалық құрылымы поэтикалық дискурстың терең мағыналық және прагмалингвистикалық деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Поэтикалық дискурстың көпқабатты прагматикалық мазмұны автордың сөйлеу интенциясына негізделі отырып, оқырман қабылдауындағы сөйлеу актілері арқылы жүзеге асатын негізгі құрамдас бөлігі ретінде танылады.</p> <p>7.1 дәлелденді. Зерттеу жұмысында ізденуші Дж. Остин мен Дж. Серльдің сөйлеу әрекеті теорияларына, сондай-ақ П. Грайстың кооперация принципін басшылыққа алады. Бұл теориялар сөйлеудің тек мағыналық емес, сонымен қатар прагматикалық мақсаттарын зерттейді. Бұл поэтикалық дискурстың да осындай мақсаттарға қызмет ететінін дәлелдеу үшін берік негіз болып табылады.</p> <p>Зерттеу жұмысында В. Коуптың «My Funeral» және Н. Алпамысқызының «Өмірге құштарлық» өлеңдеріне локутивті, иллюкутивті және перлокутивті актілер тұрғысынан нақты талдау жүргізіледі. Бұл талдаулар поэтикалық мәтіндердегі сөйлеу актілерінің қалай іске асатынын және олардың оқырманға қандай әсер ететінін көрсетеді. Мысалы, В. Коуптың өлеңіндегі сарказм мен ирония арқылы директивті және экспрессивті актілердің жүзеге асырылуы, ал Н. Алпамысқызының өлеңіндегі философиялық толғаныстар мен эмоциялық көңіл-күй арқылы перлокутивті әсердің туындауы нақты мысалдармен дәлелденген.</p> <p>Зерттеу тек шетелдік ғалымдардың еңбектеріне ғана емес, сонымен қатар З. Ерназарова, Қ. Есенова, Б. Момынова сияқты қазақстандық ғалымдардың сөйлеу әрекеті теориясына қатысты зерттеулерін де пайдаланады. Бұл тұжырымның ғылыми ортадағы өзектілігін және негізділігін арттырады.2-</p>
--	--	---

кагидатты дәлелдеу үшін ізденуші теориялык негіздемелерді практикалык талдаумен ұптастырып, нақты мысалдар келтірген. Бұл оның ғылыми тұрғыдан дәйекті екенін көрсетеді.

7.2 Тривиалды емес. Бұл тұжырым дәстүрлі филологиялық талдаудан әлдеқайда тереңірек. Ол мәтіннің тек құрылымын ғана емес, сонымен қатар автордың ішкі ниетін (интенциясын) және оның оқырманға әсерін зерттейді. Бұл поэзияны жана қырынан қарастыруға мүмкіндік беретіндіктен, тривиалды емес.

7.3 Иә, жана. Мәтінге сәйкес, бұл зерттеу отандық тіл білімінде туыс емес ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурсындағы просодияны коммуникативті-прагматикалық аспектіде кешенді талдаған алғашқы жұмыстардың бірі.

7.4 Қолдану деңгейі кең. Бұл тұжырым филология, лингвистика, әдебиеттану және аударма теориясы салаларындағы зерттеулер үшін маңызды. Оның нәтижелері поэзияны оқыту әдістемесін жетілдіруге, лингвистикалық сараптамағарға және әдеби талдауларды тереңдетуге мүмкіндік береді.

7.5 Иә, дәлелденген. Development of the internal form of phrasological unit of the media // Journal of Language Research and Teaching Practice. – 2020. – Vol. 3. – pp.73-82; Structural features and semantic formation of poetic discourse // «European Research Materials» 2-ші Халықаралық ғылыми конференция материалдары (April 6-7, 2023). Амстердам, Нидерланды. – 2023. – №2 – 263-268бб.

**3-ерже.** Поэтикалық дискурста хезитациялық, вокалданған кідірістерпоэтикалық дискурстың прагматикалық сипатын

құрайды. Олар мәтіннің эмоциялық экспрессиясын күшейтіп, автордың ішкі күйін просодикалық деңгейде жеткізу құралы ретінде танылады. Кідірістер мен просодикалық тәсілдер белгілі бір поэтикалық мазмұнының прагматикалық әлеуетін күшейтеді, яғни тыңдаушы/оқырман тарапынан когнитивтік және эмоциялық қабылдауды арттырады.

7.1 *толығымен дәлелденді.* Қағидаттың дәлелденуіне әртүрлі поэтикалық мәтіндерге жүргізілген салыстырмалы талдау негіз болған. Мәтінде ағылшын және қазақ поэзиясындағы просодикалық тәсілдердің (интонациялық контур, буынға негізделген ырғақ) ұлттық ерекшеліктері көрсетілген, бұл теорияның нақты мысалдармен расталғанын білдіреді. Зерттеу кідірістердің екі негізгі функциясын анықтаған: біріншіден, олар автордың интенциясын (ниетін) жеткізеді (мысалы, шүбә немесе күрделі шешімді көрсету), екіншіден, олар оқырманға әсер етуге (когнитивтік және эмоциялық қабылдауды арттыру) бағытталған. Бұл кідірістердің жай ғана грамматикалық элемент емес, белсенді коммуникативті құрал екенін дәлелдейді.

7.2 Бұл тұжырым тривиалды емес, өйткені ол қарапайым грамматикалық ережеден асып, поэтикалық мәтіндегі үзілістер мен кідірістердің терең, прагматикалық және эмоционалдық мағынасын ашады. Бұл мәтіннің беткі қабатында көрінбейтін, күрделі лингвистикалық құбылыстарды талдайды.

7.3 Жаңа. Поэзияны талдауда гезитациялық және вокалданған кідірістер сияқты паралингвистикалық элементтерін, олардың метапрагматикалық функциясын анықтап, қазақ поэзиясына қатысты зерттеу нәтижелерін ұсынған.

7.4 Қолдану деңгейі кең. Бұл тұжырым әсіресе поэтика, филология, лингвистика және прагматика салаларында маңызды.

7.5 Иә, мақалада бұл қағидат толығымен дәлелденген. Prosodic Characteristics of Poetic Text in the Kazakh Language // Xlinguae.

– 2025. - Volume 18 Issue 1. - pp.96-111. DOI:10.18355/XL.2025.18.01.08 Citescore (2024): 1.7, Arts and Humanities: Language and Linguistics: 77.; Rhyme in the contemporary poetic discourse: communicative-pragmatic characteristics / A. B. Srailova. –Текст:непосредственный // Лингвокультурное воздействие в разных типах дискурса: к 20-летию научной школы М.Р. Желтухиной: коллективная монография / Отв. ред. Е. В. Доброниченко. – Волгоград: ООО «Прин Терра-Дизайн», 2024. – с.122-135.

**4-ерезже.** Зерттеу барысында ағылшын және қазақ поэтикалық дискурстарының фонетика-фонологиялық және просодикалық сипаттарын үлгілеу мақсатында арнайы аудиторлық және инструменталды-фонетикалық эксперименттер жүргізу арқылы поэтикалық дискурстың синтагмалық құрылымы, интонациялық толқындар, кідірістер, екпін, тональдық өзгерістер негізінде транскрипцияланды.

7.1 толығымен дәлелденген. Зерттеу жұмысының нәтижелері бұл тұжырымды жан-жақты негіздейді. Зерттеуде аудиторлық және инструменталды-фонетикалық эксперименттер сияқты ғылыми әдістер мен PRAAT бағдарламасы сияқты нақты құралдар қолданылған. Бұл әдістер поэтикалық мәтіндердегі интонация, ұзақтық, тон және қарқын сияқты элементтерді дәл өлшеп, сандық мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Осылайша, қағидат тек теориялық болжам емес, нақты өлшенген деректерге негізделген.

7.2 Тривиалды емес. Бұл қағидат тривиалды емес, себебі ол поэтикалық мәтіндегі просодикалық элементтерді (интонация, екпін, кідіріс) дәл, инструменталдық әдістер арқылы талдауға негізделген. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі просодиканың ұлттық ерекшеліктерін сипаттау, яғни ағылшын тіліндегі бұйрықтық құрылымдардың көтеріңкі интонациясы мен қазақ

тіліндегі біркелкі ырғақтың айырмашылығын көрсету – бұл тұжырымның ғылыми құндылығын арттырады.

7.3 иә, жаңа. Бұл тұжырымда жаңашылдық бар. Себебі, бұл зерттеу туыс емес ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурсындағы просодиканы алғаш рет салыстырмалы-эксперименттік тәсілмен кешенді талдайды. Мұндай тәсіл отандық тіл білімінде бұрын қолданылмаған және ол поэзияны интонологиялық-акустикалық аспектіде сипаттауға жаңа әдістемелік негіз ұсынады.

7.4 Қолдану деңгейі кең. Қағидат поэтикалық мәтіндерді талдау әдістемесін әзірлеуде және арнайы курстарды оқытуда қолданылуы мүмкін.

7.5 Мақалада дәлелденген. *The representation of nonverbal communication methods in the poetic discourse // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. –№ 1 (72). – 232-245бб.; Poetic subcorpus: prosodic marking // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – 1(146)– 49- 57бб.*

**5-еріже.** Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктері әр тілдің фонетика-фонологиялық жүйесіне және ұлттық поэтикалық дәстүрлеріне сәйкес қалыптасады. Типологиялық ұқсастықтар тұрғысынан ағылшын поэтикалық дискурсында екпін-ырғақ жүйесі, аллитерация мен ассонанстың дыбыстық эстетика қалыптастырудағы рөлі жоғары екені дәлелденсе, қазақ поэзиясында буынға негізделген ырғақ, үндестік заңы, ұйқас үйлесімі мен дәстүрлі қара өлең өлшемдері негізгі стилистикалық белгілер ретінде көрініс табады.

			<p>7.1 толық дәлелденген. Қағидат типологиялық салыстырмалы талдауға негізделген. Яғни, зерттеушілер екі тілдің поэтикалық жүйесін салыстыра отырып, олардың ұлттық тілдік және мәдени ерекшеліктерін көрсеткен. Ағылшын поэзиясының екпін-ырғаққа, аллитерация мен ассонансқа негізделетіні, ал қазақ поэзиясының буынға негізделген ырғаққа, үндестік заңы мен қара өлең өлшемдеріне сүйенетіні дәлел мысалдармен дәлелденген.</p> <p>7.2 тривиалды емес. Бұл қағидаттың тривиалды еместігі оның зерттеу нысанының тереңдігімен және талдаудың кешенділігімен негізделеді.</p> <p>7.3 иә, жаңа. Зерттеу алғаш рет отандық тіл білімінде туыс емес ағылшын және қазақ тілдерінің поэтикалық дискурсындағы просодикасы коммуникативті-прагматикалық аспектісі аясында салыстырмалы-эксперименттік тәсілмен кешенді талданды. Бұл әдіснама мен зерттеудің нысанының бірегейлігін көрсетеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Мамандандырылған салада қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. <i>Linguostylistic specifics of the pragmatic and symbolic realization of the English poetic discourse // Xlinguae. – 2021. - Volume 14, Issue 2. - pp. 215-226. DOI:10.18355/XL.2021.14.02.16 Citescore (2021): 2.5, Arts and Humanities: Language and Linguistics: 87. ; Rhyme in contemporary poetic discourse: communicative-pragmatic Characteristics // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. –№3 (74).– 290-303бб.</i></p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, ұсынылған зерттеу жұмысының әдіснамасы жан-жақты әрі толық негізделген. Зерттеу жұмысының әдіснамасы таңдалған теориялар мен кешенді әдістерді қамтиды.

дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Иә, диссертациялық зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы зерттеу әдістері мен компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынды. Зерттеудің эксперименттік-фонетикалық кезеңінде PRAAT бағдарламасы арқылы ағылшын және қазақ поэтикалық мәтіндерінің интонациялық контурлары, синтагмалық құрылымы, ритм-қарқын динамикасы, негізгі тон жиілігі, ұзақтық, интенсивтілік және тоналды диапазоны өлшеніп, талданды. Алынған акустикалық мәліметтер сандық және сапалық сипатта интерпретацияланып, поэтикалық дискурстың просодикалық ерекшеліктері мен коммуникативті-прагматикалық аспектілері анықталды.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Иә, теориялық модельдер мен анықталған заңдылықтар эксперименттік-фонетикалық әдіспен дәлелденіп, нақты цифрлық көрсеткіштер арқылы расталды, соған сай теориялық қорытындылар жасалған. Алынған деректер қазақ поэзиясының ерекшеліктерінің күрделі құрылымын сипаттап қана қоймай, прагматикалық интерпретацияның да негізін құрайды.
	8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші зерттеу жұмысында қолданған маңызды мәліметтердің шынайылығын сенімді ғылыми дереккөздерге сілтеме жасау арқылы растаған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертация тақырыбына сәйкес 133 көлемінде әдебиеттер тізімін нақты және жеткілікті пайдаланған. Дискурс теориясы, прагматика, поэтика, интонация, сөйлеу актілері

			теориясы және т.б. бойынша отандық және шетелдік фундаментальді және заманауи еңбектер қолданылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Иә, А.Б.Сраилованың диссертациялық зерттеуінің теориялық маңызы бар. Зерттеу дискурс пен поэзия тоғысында жатқан күрделі тілдік-стилистикалық үдерістерді терең түсіндіруге бағытталған, бұл өз кезегінде лингвистика ғылымының іргелі бағыттарының дамуына теориялық үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Иә, диссертацияның практикалық маңыздылығы бар. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы филология, аударма ісі, әдебиеттану және тіл білімі бағытындағы арнайы курстарды («Поэтикалық дискурс теориясы мен методологиясы», «Қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурс» және т.б.) жүргізуде әрі оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалар құрастыруда тиімді қолданыла алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысында ұсынылған практикалық ұсыныстар толықтай жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысында алғаш рет ағылшын және қазақ поэтикалық дискурсының просодикасы коммуникативті-прагматикалық аспектіде салыстырмалы-эксперименттік тұрғыда талданды. Алынған практикалық ұсыныстарды жоғары оқу орындарындағы филология және аударма ісі мамандықтарында, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарда, пәнаралық зерттеулерде қолдануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми терминдер және ұғымдарды орынды қолданған. Ғылыми стиль талаптары сақталған. Берілген кестелері мен суреттері мазмұнды және талаптарға сай рәсімделген.

		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста орын алған кейбір стилистикалық қателер ғылыми зерттеудің мазмұны мен нәтижелерінің құндылығына нұқсан келтірмейді. Мұндай қателер жұмыстың жалпы құрылымдық жүйелілігіне, теориялық-әдіснамалық негізіне әрі алынған қорытындылардың ғылыми маңызына әсер етпей, тек мәтіннің тілдік рәсімделуінде байқалады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың жариялаған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбының өзекті мәселелерін толық қамтып, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін және практикалық нәтижелерін жан-жақты айқындайды. Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 9 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасына енгізілген халықаралық рецензияланған журналда, 3 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және Жоғары Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енген журналдарда, 4 мақала халықаралық конференцияларда, 1 коллективті монографияда жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Сраилова Акмарал Бердалиевнаның «Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысын аяқталған дербес зерттеу және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің қойылатын

			<p>талаптарына сай деп бағалаймын.</p> <p>Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Сраилова Акмарал Бердалиевнаға «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ұсыныс жасаймын.</p>
--	--	--	--

**Ресми рецензент:**  
**Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,**  
**Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының**  
**қауымдастырылған профессоры,**  
**доктор PhD**

**g.rystina@mail.ru**  
**23.09.2025**



**Искакова Гулгул Женисовна**

